

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 9 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

14.06.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева

Күн тәртібі:

1. АК жылдық есебін әзірлеу
2. АК жылдық есебін талқылау бекітуге ұсыну

Тыңдалды:

АК төрағасы С.Бейсембаева: 2022-2023 оқу жылында Академиялық комитеттің жұмыс жоспары бекітілгенін және соған сәйкес жыл бойы жұмыстар ұйымдастырылғанын айтып өтті. Жұмыс жоспарында оқу жылының әр айында әртүрлі жұмыстар жоспарланған соған байланысты әр айдағы жұмыстар бойынша жеке есебі дайындалғанын айтып атқарылған жұмыстар есебін ұсынды.

Сөз соңында Академиялық комитеттің мүшелеріне атқарылған жұмыстарға белсенді ат салысқандары үшін алғысын білдірді.

Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, АК мүшесі, ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай: 2022-2023 оқу жылында Академиялық комитеттердің құрылғаны және сол комитеттерде білім беру бағдарламалары бойынша атқарылған жұмыстары өте нәтижелі болғаны туралы айтып өтті. Білім беру бағдарламаларын талқылау үдерісіне барлық стейкхолдерлердің қатысуы өте маңызды болғанын тиек етті. Атқарылған жұмыстар есебін жақсы деп бағалауға болады деп сөзін аяқтады.

Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, АК мүшесі, PhD М.Е.Сейтова:

2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларын талдау және жаңарту жұмыстары күрделі және өте жоғары деңгейде өткені туралы айтып өтті. Оның дәлелі білім беру бағдарламалары сыртқы сарапшылардың оң пікіріне ие болуы және ББ тізілімдемесінде жоғары ұпай көрсеткіштерімен бекітілгені.

	ББ атауы	Өтініш берілген күні	Расталу күні	%
1.	6В01717 – Орыс тілі мен әдебиеті	02.05.2023	30.05.2023	84,17
2.	6В01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	02.05.2023	07.06.2023	90,83


3.	6B01719 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері)	21.07.2023	17.08.2023	87,39
4.	6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері)	06.06.2023	02.08.2023	81,98
5.	6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті	01.06.2023	27.06.2023	91,41

Атқарылған жұмыстар есебін жақсы деп бағалауға болады деп сөзін аяқтады.

Жұмыс беруші өкілі Р.К. Урумова: 2022-2023 оқу жылында Академиялық комитеттер құрылып оның мүшелігіне кіріп білім беру бағдарламалардың талдау және жаңарту жұмыстарына ат салысуға мүмкіндікке ие болғанына ризашылығын білдірді. Ол жұмыстың үлкен жауапкершілікті талап ететінін тиек етті. Жұмыстар жүйелі және үлкен жауапкершілікпен ұйымдастырылғанын сол себептен жоғары нәтижелі болғанын айтып өтті. ББ-дың күшті жақтары ретінде оқу нәтижелері мен кәсіптік цикл пәндерін қалыптастыруда жұмыс берушілер мен білімгерлердің талаптары ескерілгендігі деп білемін. Осыған орай, жұмыс беруші ретінде ББ-ларды қалыптастыруға өз үлесімді қосуға мүмкіндікке ие болғанымна қуанамын деп сөзін аяқтады.


Шешім: 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстар есебі жақсы деп бағалансын және 2023-2024 оқу жылына жасалынатын Академиялық комитет жұмыс жоспарын дайындау барысында SWOT – талдау нәтижелері ескерілсін.

Мәжіліс төрағасы:



С. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раметова

1.	6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті	02.07.2023		
2.	6B01764 – Орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	01.07.2023		